

Мақтаарал ауданы Жамбыл ауылдық округі Жамбыл елді мекенінің шекарасын (шегін) өзгерту және белгілеу туралы

Түркістан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 523 бірлескен қаулысы және Түркістан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 6-43-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 15 қыркүйекте № 6343-13 тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 108-бабының 1, 5-тармақтарына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 12-бабының 3) тармақшасына сәйкес, Мақтаарал ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Мақтаарал аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ :

1. Мақтаарал ауданының жер қатынастары бөлімі мен Мақтаарал ауданының сәулет , қала құрылысы және құрылыс бөлімінің бірлескен ұсынысына сәйкес, Мақтаарал ауданы Жамбыл ауылдық округі Жамбыл елді мекенінің шекарасы өзгертілсін:

1) 103,19 гектар жер учаскесі Жамбыл ауылдық округі Жамбыл ауылының шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 372,47 гектар;

2. Осы бірлескен қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мақтаарал ауданының әкімі

Б. Асанов

Мақтаарал аудандық

мәслихатының төрағасы

К. Сарсекбаев